

Есбергенова Гульнар Исамадиновнаның
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Түркі лингвомәдениетіндегі
гендерлік концептосфера» тақырыбындағы диссертацияның
АНДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу *түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны* (маскулиндік және фемининдік концептілер жүйесін) кешенді түрде талдауға бағытталады. Теориялық тұғыр ретінде гендерология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және лингвомифологиялық парадигма негізге алынып, *түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесі*, оның ішінде *аталық/аналық бастау* ұғымдары мен олардың мәдени-символикалық корреляттары («Тәңір – Ұмай» моделі) іргелі ұстаным ретінде қарастырылады. Соған сәйкес гендерлік концептуалдық ұғымдардың ұлттық-мәдени кодтары, олардың тілдік бейнелену құралдары (тілдік көрінісі) мен концептуалдық құрылымы анықталып, түркі тілдері деректері арқылы салыстырылып зерделенеді.

Бұл зерттеу түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны – маскулиндік пен фемининдік ұғымдардың көпдеңгейлі, өрістік-деңгейлік (иерархиялық) жүйесін – тұтас модель ретінде сипаттап, теориялық үлгілеу, эмпирикалық деректерді талдау мен ассоциативтік тәжірибені тоғыстыруға бағытталады. Теориялық бөлімде ғаламның *гендерлік тілдік/концептуалдық бейнесі* ұғымдары талдау өзегіне алынып, *гендерлік категориялаудың мәдени-символдық тіректері мифологиялық дүниетаныммен* (аталық/аналық бастау, «Тәңір – Ұмай» мифологемдері) сабақтастырылады; мұның өзі гендерлік мән-мағыналардың онтологиялық әрі аксиологиялық (құндылықты) қабаттарын ашуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың аналитикалық арқауы – гендерлік концептосфераны құрылымдық-типологиялық сипаттау және оны графикалық негізде (*сызбалар, суреттер, кестелер, диаграммаларды құру арқылы*) үлгілеу. Зерттеуде гендерлік концептосфераның көп деңгейлі құрылымы мен концептуалдық мазмұны (*мысалы, үстем жүйелері, гипер/макро/микро деңгейлері*) белгіленіп, маскулиндік және фемининдік концептілердің бейнелік, ұғымдық, аксиологиялық және әлеуметтік-психологиялық құраушы бөліктері айқындалады; кластерлік жіктеу арқылы архетиптік, этикалық, әлеуметтік, эмоциялық, физикалық және дискурсивтік қабаттары жүйеленеді. Осылайша, гендерлік сананың ішкі ұйымдасуы өрістік байланыстар мен иерархиялық қатынастар негізінде лингвомәдени модель сипатында зерделенеді.

Эмпирикалық валидация кезеңінде түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі қазіргі тілдік сана деректерімен анықталды: Қазақстан мен Түркияда жүргізілген кең ауқымды ассоциативтік экспериментте (тәжірибелік зерттеу кезеңінде) респонденттердің (N=1197) жас-жыныстық құрамы теңгеріліп, тілдік

сәйкестілік межеленді. Нәтижелер түркі қауымдастықтары үшін ортақ таптаурындармен бірге этностық бірегей ерекшеліктерді де көрсетті – бұл модельдің мәдени-прагматикалық негізділігін дәлелдеді.

Зерттеудің дереккөздер кешені екі арнадан тарқатылады. Біріншісі – лексикографиялық және паремиологиялық материал: маскулиндік/фемининдік семантиканы бейнелейтін лексемалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер. Екіншісі – ассоциативтік жауаптар корпусы; бұл екі арнаның тоғысуы семантикалық типологияны, өрістік-когнитивтік құрамды, аксиологиялық өзекті және лингвомәдени мазмұнды дәл айқындауға мүмкіндік береді.

Аталған зерттеу әдіснамалық тәсілдер нәтижесінде түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі ұсынылып, оның аксиологиялық өзегі анықталады: «ер» бейнесіне – *ерлік, жауапкершілік, қорған болу*; «әйел» бейнесіне – *қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп* деген құндылықтық векторлар тұрақты түрде бекігені көрсетілді.

Лингвомәдени модельдің қолданбалы әлеуеті білім беру үдерісін гендерлік сезімтал мазмұнмен байытуға, мәдени-әлеуметтік және ұлттық-мәдени дискурсты сараптауға, лексикографиялық практикада гендерлік маркерлеуді (бүгінге дейін жүйеленбеген, ғылыми тұрғыдан негізделмеген) жетілдіруге ғылыми-әдіснамалық негіз қалайды.

Зерттеу мақсаты: түркі тілдеріндегі маскулиндік және фемининдік гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделін құрастыру, оның лингвомәдени, құрылымдық-семантикалық, аксиологиялық, типологиялық сипаттарын айқындау және ассоциативтік эксперимент материалдары негізінде қазіргі концептуалдық вербалдануын эмпирикалық тұрғыда анықтап негіздеу, салыстырмалы талдау.

Зерттеу барысында белгіленген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі **міндеттерді** шешу көзделді:

– гендерлік теорияның өзекті постулаттары, ғылыми айналымға салыстырмалы категориялар ретінде енгізілген «гендерлік болмыс» және «ғаламның гендерлік бейнесі», «ғалам бейнесі» мен «ғаламның концептуалды бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі» мен «ғаламның гендерлік тілдік бейнесі» «гендерлік концепт» пен «гендерлік концептосфера» ұғымдарын және маскулиндік/фемининдік макро- және микроөрістерге, лингвомәдени мазмұнға қатысты ұғымдарды теориялық-терминологиялық тұрғыдан нақтылап негіздеу;

– ғаламның гендерлік тілдік бейнесін концептуалдаудың лингвомифологиялық негізі аталық/аналық бастаудың («Тәңір мен Ұмай» мифологемасының) жұптық қатынастары негізінде мифологиялық ғалам үлгісіндегі (түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесіндегі), маскулиндік пен фемининдіктің көріністерін зерделеу, гендерлік-мифтік тілдік моделін белгілеу.

– гендерлік концептосфераны сипаттайтын талдау категорияларын және деңгейлік (иерархиялық) моделін айқындау (супер-, гипер-, макро-, микро-

концептілер; бейнелік, когнитивтік, аксиологиялық, мәдени-әлеуметтік, эмоционалдық құраушы бөліктер);

– маскулиндік және фемининдік гендерлік концептілердің семантикалық және құрылымдық типологиясын қалыптастыру, лексемалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер (паремиялар) бойынша семантикалық және концептуалдық өрістік құрылымдарын белгілеу, өзара сәйкестіктері мен айырмашылықтарын сипаттау;

– концептуалдық және кластерлік жіктелім, графикалық үлгілеу әдіс-тәсілдері арқылы гендерлік сана құрылымын тілдік бейнелеу, түркі гендерлік концептосферасының моделін үлгілеу;

– түркі тілдері (қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар) деректерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік негізде салыстырмалы талдап, маскулиндік/фемининдік концептілердің лингвомәдени сипаттарын анықтау;

– Қазақстан мен Түркияда жүргізілетін ассоциативтік эксперимент деректерін (тіл иелерінің жауаптары) талдау негізінде гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделін үлгілеу және ортақ/этностық таптаурындарды айқындау.

Зерттеу нысаны: түркі лингвомәдени жүйесіндегі гендерлік концептосфера (маскулиндік және фемининдік) мен оның тілдік көрінісі.

Зерттеу пәні: түркі гендерлік концептосферасының (маскулиндік және фемининдік) құрылымдық-семантикалық, лингвомәдени, аксиологиялық және типологиялық сипаттары, олардың лингвокогнитивтік үлгілері мен мәдени кодтары; қазіргі тілдік санада ассоциациялық байланыстар арқылы көрінетін концептуалдық вербалдану арналары.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі. Жұмыс гендерология мен «ғаламның тілдік/концептуалдық бейнесі» тұжырымдамаларын, когнитивтік және лингвомәдени әдіснаманы, этнолингвистикалық және лингвомифологиялық ұстанымдарды (аталық/аналық бастау, «Тәңір – Ұмай» мифологемдері) біріктіре отырып жүзеге асырылды; гендерлік нормалар, идеалдар мен таптаурындардың тілдегі көріністері, категориялау мен метафоралық модельдер талданды.

Түркі әлемінің мифологиялық бейнесіндегі аталық (маскулиндік), аналық (фемининдік) бастаумен ассоциацияланатын таным-түсініктер ерекшелігін анықтауда Л. Гумилев, С. Малов, М. Қашқари, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, М. Орынбеков, С. Қондыбай, М. Ескеева, Ж. Тектіғұл т.б. ғалымдардың пікір-байламдарын негізге ала отырып зерттеу жүргіздік.

Гендерлік зерттеулер теориясы мен гендерлік лингвистика, гендерлік оппозиция, гендерлік концептосфераға (*гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар*) қатысты Дж. Лакофф, И. Гоффман, М. Фуко, Д. Таннен, Д. Камерон, П. Эккерт, С. Макконнелл-Гинет, П. Бурдьё, Дж. Батлер, М. де Серто, М. Бухольц, Дж. Холмс, М. Талбот, К. Холл, М. Мейерхофф, П. Бурдьё, А.В. Кирилина, О.В. Рябов, Е.И. Горошко, О.А. Воронина, С.А. Зыкова, Е.С. Гриценко, С.А. Питина, Д.В. Минец т.б. және түркі тілдеріндегі гендерлік зерттеулер негізіне Б. Хасанұлы, Г.Т. Шоқым,

Р.Р. Замалетдинов, Л.К. Ишкильдина, Н. Йылдыз, Б. Сагынбаева, Ш.Х. Шахобиддинова, Э.С. Хузина, З.Қ. Темірғазина, Д.А. Салеева, Б. Райхан, Э.Т. Буранкулова, К.Б. Жумашева, А. Байғұтова, Р.С. Тұрдалиева, А.Ш. Тажикеева, Г.А. Әбдімәулен т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

«Концептосфера» мен «концепт» теориясы бойынша ғылыми тұжырымдамалар келесі шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде орын алып, негіз болды: Д.С. Лихачев, Ю.С. Степанов, З.Д. Попова, И.А. Стернин, В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин, В.А. Маслова, Ю.С. Холод, М.В. Никитин, М.В. Пименова, М.А. Пашенко, Е.С. Кубрякова, Г.У. Арапова, З.Т.Таджибова т.б.

Түркі тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық және лингвоконцептологиялық зерттеулер саласына қатысты пікір-байламдар мен тұжырымдар келесі авторлардың негізгі еңбектері бойынша шолу жасалып, қаралды: Ә. Қайдар, З.Қ. Ахметжанова, Ж.А. Манкеева, Г.Н. Смағұлова, С.Р. Боранбаев, А.О. Тымболова, А.Қ. Бакытжанова, Қ.Б. Күдерінова, М.М. Қосыбаев, М.Т. Куштаева, А. Әмірбекова, З.Ф. Шайхисламова, Л.Х. Самситова, Г.Р. Мегьтәсимова, М.Е. Әділов, А. Әлметова, С. Сансызбаева, А.К. Пирниязова, Ф.Ш. Нуриева, Г.М. Исмаилов т.б.

Ассоциативтік зерттеудің әдіснамалық негізін құраған еңбектердің авторлары ретінде сүйенетініміз: В.П. Абрамов, Ю.А. Борисова, К.А. Бурнаева, А.В. Коногорова, Е.Ф. Тарасов, Ж. А. Джамбаева, Н.В. Дмитрюк, Д.А. Молдалиева, В.Д. Нарожная, Ж.И. Молданова, Е.С. Мезенцева, Н.А. Сандыбаева, Г.И. Абрамова, Г.Т. Мұхамеджанова т.б.

Зерттеу дереккөздері: лексикографиялық және паремиологиялық қор: маскулиндік/фемининдік концептуалдық семантиканы бейнелейтін лексемалар, фразеологизмдер және мақал-мәтелдер (түркі тілдері бойынша этимологиялық және түсіндірме сөздіктер, екі тілді аударма сөздіктер, фразеологиялық сөздіктер, аймақтық\диалектологиялық сөздіктер, мақал-мәтелдер жинақтары); 2) Қазақстан (Астана, Ақтөбе, Орал) және Түркия (Анкара) базаларында жиналған ассоциативтік эксперимент (тәжірибелік зерттеу) материалдары: барлығы 1197 респондент (724 қазақтілді, 473 түріктілді), әр жастағы ер/әйел қатысушылар.

Зерттеу жұмысында төмендегідей **әдістер мен тәсілдер** қолданылды: *когнитивтік талдау* – концепт құрылымын, оның өзегі мен шеткі өрістерін (жақын, алыс перифериясын), түркі тілдік санада қалыптасқан когнитивтік модельдерді ашу; *когнитивтік модельдеу* – гендерлік концептосфераның құрылымын, семантикалық өрісін, бейнелі және иерархиялық қатынастарын диаграмма, сызба түрінде бейнелеу; *лексика-семантикалық талдау* – тілдік бірліктер мен олардың мағыналық құрылымын, сөздер арасындағы семантикалық байланыстарды жүйелеу; *фразеологиялық талдау* – тұрақты тіркестер арқылы мәдени және гендерлік таптаурындарды анықтау; *типологиялық талдау* – түркі тілдеріндегі ұқсас/айырмашылығы бар гендерлік (маскулиндік, фемининдік) концептілердің құрылымын,

семантикасын, тілдік көрінісін салыстыру; *компоненттік талдау* – маскулиндік және фемининдік концептілердің мағыналық құрамды бөліктерін – компоненттерін (семалар, бағалауыштар, бейнелі белгілер) талдау және жүйелеу; *лингвомәдени талдау* – тіл, мәдениет пен гендерлік болмыс арасындағы өзара байланысты зерттеу арқылы маскулиндік пен фемининдік концептілердің түркі ұлттық мәдениетіндегі рөлін анықтау; *салыстырмалы талдау* – екі немесе бірнеше тілдегі маскулиндік және фемининдік концептілердің тілдік, мәдени және мағыналық құрылымдарын салыстырып бағалау; *этимологиялық талдау* – маскулиндік пен фемининдік концептілерді білдіретін негізгі сөздің тарихи даму жолын, семантикалық өзгеруін зерттеу арқылы мәдени және гендерлік сипаттағы негіздерді ашу; *эмпирикалық әдістер* – нақты тілдік материалды жинақтау, корпустық талдау, сауалнама жүргізу, тілдік бірліктердің жиілік сипаттамасын есептеу; *ассоциативтік эксперимент* – тіл иелерінің (респонденттердің) белгілі бір гендерлік атауға (сөзге) немесе ұғымға байланысты тікелей және жанама ассоциацияларын анықтау арқылы концептінің менталды құрылымын, мәдени және гендерлік маркерлерін айқындау; алынған жауаптарды жүйелеу, мағыналық өрістер мен семантикалық өзегін бөлу, нәтижелерді статистикалық өңдеу арқылы маскулиндік пен фемининдік концептінің түркі тілдік санасындағы орны мен құрылымдық байланыстарын модельдеу.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

1. Түркі гендерлік концептосферасын зерттеу әдіснамасының тұғыры лингвомифологиялық негізі жүйеленді. Аталық/аналық бастаудың «Тәңір – Ұмай» мифологемдермен байланысы гендерлік категориялаудың мәдени-символдық тірегі ретінде көрсетілді; бұл негіз ұлттық кодтағы маскулиндік/фемининдік гендерлік концептілерде тікелей көрініс тапты.

2. Гендерлік концептосфера, маскулиндік және фемининдік түркі гендерлік концептосферасы, маскулиндік және фемининдік гендерлік концептілер, маскулиндік/фемининдік концептілердің құрылымдық белгілері мен сипаттары, маскулиндік/фемининдік семантикалық мән және маскулиндік/фемининдік концептуалдық мән, маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық домендері, маскулиндік/фемининдік концептілердің когнитивтік матрицасы, түркі маскулиндік/фемининдік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі сынды терминологиялық ұғымдар мен зерттеу категориялары белгіленіп, ғылыми тұрғыдан нақтыланып негізделді.

3. Түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі, модельдің деңгейлік семантикалық құрылымы (суперконцепт → гиперконцепт → макроконцепт → микроконцепт жүйесі) және құраушы бөліктері (когнитивтік, аксиологиялық, эмоциялық, әлеуметтік компоненттер) нақтыланды; модельдің барлық құрылымдары графикалық түрде (сызба-суреттер ретінде) ұсынылды.

4. Түркі гендерлік концептосферасының құрылымдық типологиясы қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар тілдері үлгісінде қалыптастырылды. Түркі

гендерлік концептосферасының *құрылымдық типологиясы* (бір деңгейлі, көп деңгейлі, сегменттік (салалық) құрылымдық концептілер) ғылыми тұжырымдамалар арқылы сипатталып, құрамдас компоненттері негізделді;

5. Семантикалық типология және өрістік-когнитивтік құрылым қалыптастырылды. Маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық типологиясы жасалып, олардың лексема – фразеологизм – паремия бойынша өрістік құрылымы концептуалдық когнитивтік матрицаға түсірілді; кластерлік үлгілеу арқылы гендерлік сананың ішкі ұйымдасуы визуалдандырылды.

6. Гендерлік концептілердің аксиологиялық өзегінің дәлелді сипаттамасы жасалды. «Ер» образы үшін – *ерлік, жауапкершілік, қорған болу*; «әйел» образы үшін – *қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп* деген аксиологиялық (құндылықтық) домендер тілдік деректер арқылы негізделді және сараланды.

7. Эмпирикалық валидация (қос елдік корпус) Қазақстан мен Түркиядағы ассоциативтік эксперимент (N=1197; KZ/TR) нәтижелерімен ұсынылған түркі гендерлік лингвомәдени модель тексерілді; деректер ортақ таптаурындарды және ұлттық-мәдени айырмашылықтарды айқын көрсетті; сонымен қатар, *дәстүрлі* және *қазіргі ғаламның* гендерлік бейнесінің тілдік көрінісі мен гендерлік лингвомәдени жүйе құрылымдалып сипатталды.

Зерттеу жұмысының **теориялық мәні**. Бұл зерттеу түркі тілдерінің лингвомәдениеті мен когнитивтік лингвистикасына жүйелі үлес қосады: гендерлік концептосфераны сипаттайтын терминологиялық-ұғымдық құрылымы ғылыми негізделген, зерттеу тәжірибесінде тексерілген түрде ұсынылып, талдаудың қағидаттық-өлшемдік негізі бекітіледі.

Лингвомифологиялық «Тәңір – Ұмай» сұлбасы гендерлік рөлдердің мәдени-символдық кодталуын түсіндіретін шеңбер өзегі ретінде қарастырылып, архетиптік деңгей мен концептуалдық дискурсивтік деңгей арасын жалғайтын теориялық көпір қалыптастырады. Осы шеңбер арқылы гендерлік семантикалық және гендерлік концептуалдық мәндердің қалыптасу тетіктері, ұлттық кодтағы нормалар мен бағалау үлгілері тілдік дерекпен ұштасқан түрде айқындалады.

Біріздендірілген терминологиялық аппарат (гендерлік концептосфера, маскулиндік/фемининдік концепт, семантикалық домен, когнитивтік матрица, деңгейлік модель т.б.) критериалды-өлшемдік құрал ретіндегі функцияда қолданылып, салыстырмалы талдаудың репликациялануын (қайталанып тексерілуін) қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану мен лингвоконцептологияда және түркі тілдеріне арналған интегративті үлгіні ұсынады; гендерлік концептосфераны формалды-құрылымдық қағидаттармен сипаттау (иерархиялық деңгейлер, өрістік ұйымдасу) ғаламның тілдік/концептуалдық бейнесі теорияларын нақтылап, ұлттық және әмбебап қабаттарды салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының **практикалық мәні**. Зерттеу нәтижелері білім беру, лексикография, аударма және дискурс-сараптама практикасы үшін

қолданбалы құралдар жиынтығын ұсынады. Деңгейлік модель мен аксиологиялық домендерінің матрицасы негізінде түркі лингвомәдениеті бойынша гендерлік оқу модульдерін жобалауға, паремиологиялық және фразеологиялық материалдарды, мәтіндерді құндылықтық қағидаты тұрғысынан оқытуға, «құндылықтық оқу» дағдыларын қалыптастыруға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Түркі гендерлік концептосферасының лингвомифологиялық өзегі «Тәңір – Ұмай» маскулиндік-феминдік бинарлығымен анықталады және ұлттық кодтағы гендерлік концептілердің тұрақты мәдени-символдық реттегіші болып табылады; лингвомифологиялық негіз – гендерлік концептосфераны зерттеудің әдіснамалық тұжырымдамасының тірегін құрайды.

2. Гендерлік талдаудың ұғымдық-терминологиялық қаңқасы (гендерлік концептосфера; маскулиндік/феминдік концепт; семантикалық домен; когнитивтік матрица; лингвомәдени модель; концептологиялық деңгейлік құрылым мен құрамдас бөліктер) бірізді талдау бірлігі ретінде қабылданады және салыстырмалы сипаттаманы өлшеп-бейнелеуге бағытталған критериалды-өлшемдік құрал ретінде қолданылады.

3. Гендерлік концептосфераның деңгейлік моделі (супер → гипер → макро → микро) түркі лингвомәдени кеңістігіне балама құрылым болып табылады; әр деңгей когнитивтік, аксиологиялық, эмоциялық, әлеуметтік компоненттермен өзара тығыз байланыста және концептуалдық-семантикалық «өзек – шеткі өріс» қағидатымен ұйымдасады.

4. Түркі тілдерінің деректері бойынша ұсынылатын құрылымдық типология (бір деңгейлі, көп деңгейлі, сегменттік) типтік ұйымдасу формаларының толық жиынтығы ретінде танылады және бейнелік, семантикалық, прагматикалық өлшемдермен айқындалады.

5. Маскулиндік/феминдік концептілердің семантикалық типологиясы «лексема → фразеологизм → паремия» тізбегінде біртұтас өрістік-когнитивтік құрылым құрайды; кластерлік конфигурация гендерлік сананың ішкі ұйымын сипаттайтын гендерлік дүниетанымдық модель (эвристикалық модель) ретінде бекітіледі.

6. Гендерлік бағалау жүйесінің аксиологиялық өзегі домендік матрицада тұрақты сипатқа ие: «ер» регистрінде – *ерлік, жауапкершілік, қорған*; «әйел» регистрінде – *қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп* басым; бұл домендер мәдени-әлеуметтік, ұлттық-мәдени дискурстық нормаларды бағдарламалайтын және бейнелейтін тұрақты код ретінде қызмет атқарады. Лексикографияда сөздік мақалаларды гендерлік және аксиологиялық белгілермен жүйелі маркерлеу, сондай-ақ семантикалық домендер мен деңгейлік сипаттамаларды енгізу – дефинициялардың (сөздіктерде берілетін) түсіндірмелік әлеуетін («күшін») арттырып, пайдаланушының концептуалдық өрістер бойынша бағдарлануын жеңілдетеді.

7. Қазіргі түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфера құрылымы мен құрамы, жүйелік ұйымдасуы және тілдік құралдары мен

дискурсы ғылыми негізделген (валидациясы қамтылған) түрде тек қазіргі тіл иелерімен жүргізілген эмпирикалық (ассоциативтік/сауалнамалық) тәжірибелер арқылы айқындалады.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 6 мақала жарық көрді, соның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) ғылыми деректер базасына кіретін журналда, 1 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланды.

Скопус (Scopus) ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Linguo-Cultural Image of a Woman in the Turkic Gender Conceptosphere // Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 9, №2, 2023. – pp. 237-245. Процентиль 81, Q1.

<https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/578/176>

2. Особенности фразеологического моделирования гендерных стереотипов в тюркских языках // Oriental Studies. Том 9, №5, 2023. – С. 1367–1381. Процентиль 54, Q2.

<https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-69-5-1367-1381>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Intellectual Representation of Gender Concept ‘Ayel’ In Turkic Paremiological Picture of The World // Bulletin of Yassawi University. – 2025. – №2 (136). – pp. 155–166.

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.200>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Түркі дүниетанымындағы гендерлік концептілердің лингвомәдени сипаты // “Yangi renessans istiqbolida filologik-pedagogik tadqiqotlarning nazariy va amaliy ahamiyati” тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (20 қыркүйек). Ташкент, 2024. – 15-26 бб. (Сертификат).

2. Linguocultural aspect of the masculine gender conceptosphere // Proceedings of the 11th International Scientific Conference “Theoretical Hypotheses and Empirical results” (September 3-4). Oslo, 2025. – pp. 55-61.

<https://ojs.publisher.agency/index.php/THIR/article/view/6787> (Сертификат).

3. Gender semantic features of the feminist conceptosphere in Turkic languages // Proceedings of the 11th International Scientific Conference “Modern scientific technology” (September 11-12). Stockholm, 2025. – pp. 97-102.

<https://ojs.publisher.agency/index.php/MSC/article/view/6785> (Сертификат).

Жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Диссертациялық жұмыс құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамадан тұрады. Ғылыми зерттеудің жалпы көлемі 168 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің **гендерлік лингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану** сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы);

2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы);

3) Тарихи-мәдени мұра // Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы);

4) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы).

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.